

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 752 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік тізілім жүргізу ережесін бекіту туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 331 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 247 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3083. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 333 (V043350) қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік тізілім жүргізу ережесін бекіту туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 331 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 752 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 1999 жылғы 10-23 мамырда жарияланған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1049 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 443 қаулысымен бекітілген өзгерістермен және толықтырулармен) мынадай өзгерістер енгізілсін:

к і р і с п е д е :

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер "қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"несие" деген сөз "заем" деген сөзбен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Кредиттік тізілім жүргізу ережесінде:

к і р і с п е д е :

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөздер "қаржы рыногын

және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"несие" деген сөз "заем" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "несиелер" деген сөз "заемдар" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақта "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк" деген сөздер "қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 және 7-тармақтар алынып тасталсын;

8-тармақта "Ұлттық Банктің Банктерді қадағалау департаментіне" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9, 10, 20-тармақтардағы "Ұлттық Банкке" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тарау алынып тасталсын;

19-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға